

**Б.Х. Исмагулова<sup>1</sup>, А.С.Базарбаева<sup>2</sup>, М.Канабекова<sup>3</sup>**

<sup>1</sup>Орталық Азия университетінің профессоры, ф.ғ.д., профессор

<sup>2</sup>Қазақ ұлттық техникалық университетінің доценті, ф.ғ.к., доцент

<sup>3</sup>Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, аға оқытушы

### **ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ АЛҒАШҚЫ ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ЛЕКСИКАСЫНДАҒЫ ДИНАМИКАЛЫҚ ҮРДІС**

**Аннотация.** Жұмыс газет және журнал беттерінен жиналған деректер негізінде тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында қазақ тілінің лексикалық жүйесінде орын алған жаңа қолданыстар мен неологизмдердің қарқынды дамуын талдауға арналған. Жаңа атаулар мен қолданыстардың көбеюі әрі бір уақытта жасалып, қолданысқа енуі лексикалық дублет, синонимдер, окказионализмдер және өзге де құбылыстардың орын алуына мүмкіндік берді, бұл бірліктерді зерттеу жаңа сөздердің мағыналық болмысында орын алып жатқан семантикалық және стилистикалық дифференциация үрдістерін анықтауға көмектеседі.

**Тірек сөздер:** лексика, синонимия, лексикалық дублет, окказионализмдер, жарыспалы қолданыстар, неологизмдер.

**Б.Х. Исмагулова<sup>1</sup>, А.С.Базарбаева<sup>2</sup>, М.Канабекова<sup>3</sup>**

<sup>1</sup>Центрально-Азиатский университет, д.ф.н., профессор

<sup>2</sup>Казахский национальный технический университет, к.ф.н., доцент

<sup>3</sup>Казахский государственный женский педагогический университет, ст. препод.

### **ДИНАМИЧЕСКАЯ ТЕНДЕНЦИЯ В КАЗАХСКОЙ ЛЕКСИКЕ В ПЕРВЫЕ ГОДЫ НЕЗАВИСИМОСТИ**

**Аннотация.** Работа посвящена анализу стремительного роста новых лексических словоупотреблений в казахском языке в первые годы государственного суверенитета, извлеченных методом сплошной выборки из популярных газет и журналов. Всплеск лексических новообразований обусловил появление лексических дублетов, синонимов, окказионализмов и других явлений, исследование которых позволяет установить, что в настоящее время происходит процесс семантической и стилистической дифференциации в семантической природе новых слов.

**Ключевые слова:** лексика, синонимия, лексические дублеты; окказионализмы; вариантные словоупотребления, неологизмы.

**B. Kh. Ismagulova<sup>1</sup>, A. S. Bazarbayeva<sup>2</sup>, M. Kanabekova<sup>3</sup>**

<sup>1</sup>Central Asian University, Doctor of Philology, Professor

<sup>2</sup>Kazakh National Technical University, Candidate of Philology, Associate Professor

<sup>3</sup>Kazakh State Women's Pedagogical University, senior lecturer.

## DYNAMIC TREND IN THE KAZAKH VOCABULARY IN THE FIRST YEARS OF INDEPENDENCE

**Annotation.** The work is devoted to the analysis of the rapid growth of new lexical word usages in the Kazakh language in the first years of state sovereignty, extracted by the method of continuous sampling from popular newspapers and magazines. The surge of new lexical formations caused the appearance of lexical doublets, synonyms, occasional expressions and other phenomena, the study of which allows us to establish that at present there is a process of semantic and stylistic differentiation in the semantic nature of new words.

**Keywords:** vocabulary, synonymy, lexical doublets; occasional words; variant word usage, neologisms.

Тәуелсіздік алғаннан кейін Қазақстанның экономикалық, қоғамдық-әлеуметтік саласында үлкен жаһандық процестер тек қана күрделі қоғамдық өзгерістерді ғана алып келмей, мемлекеттік тіл мәртебесін иемденген қазақ тілінің лексикалық саласына да ауқымды инновациялық үрдістерді әкеле алды. Қоғамдық өмірдің барлық салаларында – саяси, құқық, экономика, шаруашылық, ғылыми-техникалық, мәдени – жаппай жаңа реалийлер мен ұғымдар пайда бола бастады. Бұл өз кезегінде тілдің ең қозғалмалы, тұрақсыз бөлігі болып табылатын қазақ тілінің лексикалық, сол тәрізді орыс тілінің де, өзге де республика территориясындағы тілдердің лексикалық қабаттарына әсерін тигізбей қоймады. Соның ішінде мемлекеттік тілдің инновациялануы, модернизациялық процестерді бастан кешуі, әсіресе, қарқынды жүрді. В.Ю.Михальченко дұрыс атап өткендей, «бүкіл ХХ ғасырдағы тіл білімінің дамуы тілдің әлеуметтік табиғатына назар аударумен ерекшеленеді» [1]. Ал соңғы онжылдықта әлемдік ғаламдану үрдісінің қоғамдық өзгерістерге әсер еткені соншалық – тілге әсер етуші әлеуметтік факторларды талдап отыру қажеттілігі орын алуда. Мәселен, қазақ тілі үшін бұл қоғамдық өзгерістердің барлығы лексиканың жаңа сөздермен толығуына, қоршаған ортаны қабылдаудың өзгеше ұғымдарының пайда болуына алып келді. Бұл жағдай қазақ тілінің әртүрлі салаларда қолданылуына, өміршеңдігіне, оны қолданушы тұлғалар санының өсуіне мүмкіндік берді.

Бұл дәуірдің қоғамдық өзгерісінде орын алып отырған көріністің барлығын біз ел ішіндегі жаңалықты ғана емес, әлемдік деңгейдегі ақпаратты да таратып отыратын баспасөз беттерінен біле аламыз. Бұны, әсіресе, ұлтымыздың ұлы ұстазы, педагог, қоғам қайраткері А.Байтұрсынұлы өте дұрыс байқаған: «Әуелі, газет – халықтың көзі, құлағы хәм тілі. Адамға көз, құлақ, тіл қандай керек болса, халыққа газет сондай керек... Екінші, газет – жұртқа қызмет ететін нәрсе, олай болатын мәнісі жұрттың білімді, көргені көп көсемдері, оқығаны көп адамдары газет арқылы халықтың ал-дына түсіп, жөн көрсетіп, жөн сілтеп, басшылық айтып тұрады. Үшінші, газет – халыққа білім таратушы. Олай дейтініміз, газет жұрт естімегеннің естіп, білгенін біліп, бірте-бірте білімі молайып, зейіні өсіп, пікірі ашылып, парасаты жетіспекші. Төртінші, газет – халықтың даушысы. «Жұртым» деп халықты арын арлап, намысын жоқтайтын азаматтары газет арқылы халықтың сөзін сөйлеп, пайдасын қорғап, зарарына қарсы тұрып, қарғаға көзін шоқыт-пасқа тырысады» [2].

Қазақтілді баспа беттеріндегі жаңа қолданыстарды талдау барысында қазақ тілінің сөздік құрамында бар сөздердің лексика-семантикалық жағынан дамып, жаңа мағынаға

ие болуы қоғамдық өмірдің барлық салаларында орын алғанын атап өтуіміз қажет. Небәрі ширек ғасыр кезеңінде қазақ тілінің лексикалық қорында жаңа ұғымдар мен сөздердің көбейгендігі соншалық – «лексикалық жарылыс» орнады десек те болады. Жаңа қолданысқа, әсіресе, масс-медиа саласы бірден реакция танытып отырды, бұл өз кезегінде қазақ тіліндегі лексикалық инновация процесінде орын алып жатқан тенденциялар мен үрдістерді дәл ажыратуға мүмкіндік берді. Сонымен қатар, XX ғасырдың 90 ж. белгілі бір реалийлер мен ұғымды білдіруде бірден бірнеше жарыспалы лексикалық қолданыстар пайда болды, олардың арасында өзара бәсекелестік орнады. Мәселен, бір-бірінің орынын ауыстыра алатын әрі номинативті функция атқаратын жарыспалы дубликаттар бір уақытта пайда болып, қолданысқа еніп отырды: капуста – орамжапырақ немесе қырыққабат, варенье – тосап немесе қайнатпа, анкетирование – сауалнама немесе сұрақ салу, анкета – сауалнама немесе сауал-сұрақ, микрорайон – ықшамаудан, шағынаудан, мөлтекаудан, аэропорт – әуежай немесе аэротұрақ, газета – үнпарақ немесе үнқағаз, семья – жанұя, отбасы, үйелмен (окказионал), айлық пен зарплатаның орнына еңбекақы, жалақы, айлықпұл (окказионал), т.б.

Тілдегі мұндай жарыспалы бірліктердің – *орамжапырақ* немесе *қырыққабат*, *тосап* немесе *қайнатпа*, *іссапар* немесе *жолсапар*, *ықшамаудан*, *шағынаудан* немесе *мөлтекаудан*, *үнпарақ* немесе *үнқағаз*, *айлық*, *еңбекақы* немесе *жалақы* – қатар қолданысы тіл білімі саласында лексикалық дублет, синонимия, тепе-теңдік тәрізді мәселелердің өзектілігін арттырады. Жоғарыдағы баламалы лексикалық бірліктерді қарастыра отырып, келесідей тұжырым жасауға болады: бұл сөздердің кез келген мәнмәтіндегі, мәтіннен тыс та мағыналары толықтай сәйкес келеді. Салыстыр: «Жақында «Алмагүл» *ықшамауданынан* бір қазақша балабақша ашуға қол жеткізіпті» [3, 08.01]. «Ақмешіт» *шағын ауданына* қарай бет түзеген автобустың шопыры құлағымызға таныс есімді хабарлады» [3, 14.07]. «Микрорайон» сөзінің баламасы болып табылатын жоғарыдағы сөздердің барлығы бір-біріне толықтай бара-бар және стилистикалық жағынан нейтральды бірліктер болып табылады, сондықтан лексикалық дублекаттар қатарына қосуға толықтай негіз бар.

Алайда тілдің табиғи заңдылықтары мұндай абсолютті ұқсастықтарға жол бермейді, сол себепті де соңғы онжылдық шамасында сөздердің бір үлгі мен бір туынды негізден жасалғанына қарамастан, алғашқы нұсқаның (*ықшамаудан*) кейінгі нұсқаны (*шағынаудан*) шеттете бастағаны байқалады. Бірінші нұсқаның басымдығы болмашы ғана болса да, *ықшам* семасының кеңістікке қатысты мағынаға ие екендігі («ықшам бөлме») әрі күнделікті өмірде *шағын* бірлігіне қарағанда жиі қолданылатындығын ескерсек, аталмыш нұсқаның қолданысқа бейімділігі жоғарырақ екенін аңғарамыз.

*Шағын* синонимі «үлкен емес, шектелген, кішкентай, аз көлемді» («шағын кәсіпорын») мағыналарын береді, сөздің кеңістікке қатысты семасы күңгірт. Ал *мөлтекаудан* сөзі мүлдем қолданыс аясынан шығарылып, лексикалық дублеттер қатарына өтуде. Сонымен бірге *орамжапырақ*, *тосап* және *аэротұрақ* сөздерімен толықтай мағыналас әрі стилистикалық сәйкестігі бірдей болса да, лексикалық дублеттер қатарынан қолданыстан шығып бара жатқан *қырыққабат*, *қайнатпа* және *әуежай* сөздерін де жатқызсақ болады. Бұл бірліктер тек қажет емес қайталаулардан қашуға ғана көмектеседі.

*Отбасы*, *жанұя*, *үйелмен* жарыспалы қолданыстарының алғашқы екі нұсқасы ақырындап синонимдер қатарын толықтырса, *үйелмен* сөзі, талдаулар байқатқандай, тек окказионал қолданыс болып қана саналады. Салыст.: 1) *Отбасы* – аса маңызды әлеуметтік құрылым ретінде көптеген қоғамдық ғылымдардың зерттеу объектісі. Халық санағының деректері бойынша жыл сайын *отбасының* саны артып отырған [4, 19.09]. 2) *Жанұяда* көп бала болып өстік [4, № 2]. 3) Қазақша сөйлеспейтін отбасылар көбінесе қалада кездеседі және олар бала санын шектейтін хәм қариялары жоқ болғандықтан,

мұндайлар демографияда шағын көлемді *үйелмендер* деп саналады» [5, 21.04].

Ал *отбасы* сөзі әдеби тілге қосылып, берік орнықты, бұрынғы атауды (*семья*) толықтай ығыстырып шығарды. *Жанұя* синоним ретінде қолданылады: эмоционалдық, көркемдік-мәнерлілік жағынан ерекшеленеді, ал мағыналық жағынан «өз, өзім» семасына жақын келеді. Ал жаңа атау болып отырған *үйелмендер* сөзі күнделікті қолданыс тіліне ене қоймады, табиғаты жағынан окказионал қолданыс болып табылады әрі тек мәнінде ғана актуалды бірлікке айнала алады.

Бұрынғы орыс тіліндегі атаулар *капуста*, *варенье*, *семья*, *командировка* қолданыстан толықтай шығып қалған жоқ, қазақ тілділердің арасында ауызекі сөйлеу кезінде жиі қолданылады. Бұл тек ауызекі сөйлеу жағдайында ғана орын алады: сөйлеуші ақпаратты тез жеткізу мақсатында бірден ойына келген бірлікті қолданатыны белгілі. Ал біз жоғарыда сипаттап өткен қазақ тіліндегі баламалар қандай да бір жоғары лексика санатына (әдеби тілде қолданысқа) ие, сондықтан күнделікті өмірде кең қолданысқа ие емес, ал орыс тіліндегі кірме баламалары ауызекі сөйлеу жағдаятын қанағаттандыратын бірлік болып отыр (интерференция құбылысы).

Сонымен, тәуелсіздік жылдарындағы қазақ тілді бұқаралық ақпарат құралдарына жасалған талдау бұл саланың қазақ тіліндегі жаңа қолданыстар мен неологизмдердің белсенді ортасы екендігіне көз жетті, ал бұл өз кезегінде қазақ тілі лексикасында пайда болған жаңа сөздерді, қолданыстарды табуға, жаңа атаулардың пайда болуына әсер еткен тенденциялар мен үрдістерді анықтауға, олардың лексика-семантикалық, стилистикалық, т.б. ерекшеліктерін тануға көмектеседі. Жаңа қолданыстар көп болғанымен, олар коммуникативті орта мен тұлғаның сұраныс-тарын қанағаттандыруға байланысты ақырындап жіктеле, бөліне, жүйелене бастағанын байқаймыз.

#### ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

[1] Михальченко В.Ю. Социоллингвистика. Психоллингвистика. Российская социальная лингвистика: Прошлое, настоящее, будущее // *Voprosy filologii*. 1999.

№ 001. С.22-28.

[2] Байтұрсынұлы А. «Қазақ» газетінің 1914 жылғы 80-саны/ [http://bilimdiler.kz/akin\\_zhazushi/6-ahmet-baytrsynly.html](http://bilimdiler.kz/akin_zhazushi/6-ahmet-baytrsynly.html).

[3] «Ана тілі» газеті, 1992. 3 б.

[4] «Жас Алаш» газеті, 1995. 7 б.

[5] «Жұлдыз» журналы, 1993. 24 б.